

«БЕКІТІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
комитеті төрағасы

Р.Б. Есеналин

« _____ » _____ 2026 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

Грек-рим, еркін және әйелдер
күресі федерациясының
бас хатшысы

Д.А. Бекбосынов

« _____ » _____ 2026 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

Алматы қаласының
спорт басқармасының басшысы

Д. Нұрханұлы

« _____ » _____ 2026 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

Алматы қаласының «Грек-рим,
еркін және әйелдер күресі
федерациясы» ҚБ президенті

Алиев О.Г.

« _____ » _____ 2026 г.



Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының кубогі ЕРЕЖЕСІ

Алматы қаласы, 2026 жыл

1-БӨЛІМ. Спорттық жарыстардың атауы, спорттық жарыстың өткізілу орны мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері

1.1 Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының кубогі (бұдан әрі – Кубок).

1.2 Кубок 2026 жылғы 11 – 17 мамыр аралығында Алматы қаласы, Алатау ауданы, Нұркент шағын ауданы 7, «Almaty Arena» СК өтеді.

1.3 Қатысушылардың келу күні – 2026 жылғы 11 мамыр, қайту күні – 2026 жылғы 18 мамыр.

1.4 Кубок Халықаралық грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының (UWW – Біріккен күрес ұйымы) қолданыстағы күрес ережелеріне және осы Ереженің талаптарына сәйкес өткізіледі және оның барысында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы №74 бұйрығымен бекітілген спорттық іс-шараларды өткізу қағидалары сақталуы тиіс.

1.5 Кубок аясындағы кездесулер «Blockchain» арқылы түскен нөмірлерге сәйкес өткізіледі.

1.6 Екі финалистке жеңілген палуандар жұбаныш кездесулерге қатысады. Жұбаныш кездесулер екі бөлек топта өткізіледі: бірінші финалистке жеңілген палуандар тобы және екінші финалистке жеңілген палуандар тобы. Жұбаныш кездесулерді бірінші айналымда бірінші болып екі финалистердің біріне жеңілген палуандар бастайды (соның ішінде идеалды санға жету үшін кездесулерді де) және тікелей іріктеу жүйесімен жартылай финалда жеңілген палуандар аяқтайды. Екі жұбаныш тобының жеңімпаздары қола медаль иеленеді.

1.7 Медициналық бақылау және салмақ өлшеу рәсімі сол салмақ дәрежесіндегі жарыс күні 8:00-8:30 аралығы өтеді.

1.8 Квалификациялық, жұбаныш және финалдық кездесулер осы Ереженің 1-қосымшасында берілген бағдарламаға сәйкес өткізіледі.

1.9 Трансляция және медиа құқықтар

1.9.1 Кубокті трансляциялауға қатысты барлық құқықтар «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ-ға (бұдан әрі – Федерация) тиесілі.

1.9.2 Кубокқа қатысатын әр Аймақтық федерацияның Instagram әлеуметтік желісінде ресми парақшасы болуы міндеттеледі;

1.9.3 Жарыстарды сапалы ақпараттық жариялау мақсатында өңірлік федерацияларға командамен бірге мобилографты немесе әлеуметтік желілерді жүргізу жөніндегі маманды (SMM) жіберу ұсынылады.

1.9.4 Облыстық федерациялардан келген журналистер мен мобилографтарға Федерация өкілдерінен тиісті аккредитация (рұқсат) алмай, жарыс алаңына шығуға қатаң түрде тыйым салынады.

1.9.5 Федерацияның ресми контент командасының жұмысына кедергі келтіруге жол берілмейді.

1.9.6 Жарыс барысында түсірілген фото және бейнематериалдар Федерацияның ресми ақпараттық ресурстарында, әлеуметтік желілерінде және басқа да платформаларында еркін қолданылады.

1.9.7 Жарысқа қатысу арқылы спортшы осы материалдарды пайдалануға автоматты түрде келісім береді.

1.9.8 Жарыс кезінде түсірілген фото және видеоларды жариялауға байланысты қатысушылар тарапынан жеке шектеулер немесе тыйымдар қабылданбайды.

2-БӨЛІМ. Қатысушы ұйымдар, жарысқа қатысушылардың сандық құрамы

2.1 Кубокке Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктің өкілдері болып табылатын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ресми түрде өкілдік ететін, сондай-ақ белгіленген мерзімдерде Ереженің талаптарына сәйкес қажетті құжаттарды ұсынған спортшылар қатыса алады.

2.2 Кубок қатысушылары ашылу, жабылу және марапаттау салтанаттары кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге және белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

2.3 Командалардың сандық құрамы мен жасақталу тәртібі.

2.3.1 Кубокке қатысатын командалардың сандық құрамы әр күрес түрі бойынша төмендегідей белгіленеді:

- өткен жылғы командалық есеп қорытындысы бойынша 1–3 орын алған командаларға – 25 спортшыға дейін;
- 4–17 орын алған командаларға – 20 спортшыға дейін;
- 18–20 орын алған командаларға – 15 спортшыға дейін.

2.3.2 Команда құрамын жасақтау кезінде әрбір салмақ дәрежесінде кемінде 1 (бір) спортшының қатысуы міндетті. Аталған талап толық орындалған жағдайда, жекелеген салмақ дәрежелерінде спортшылар санын 4 (төрт) адамға дейін көбейтуге рұқсат етіледі. Бұл ретте команданың жалпы саны белгіленген шекті мөлшерден (15, 20 немесе 25 спортшыдан) аспауға тиіс.

2.3.3 Әйелдер күресінде жекелеген өңірлерде спорттың даму деңгейінің әркелкі болуын ескере отырып, жоғарыда көрсетілген талаптарға федерация өкілдерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы әйелдер күресі бас жаттықтырушысының шешімімен жеңілдіктер берілуі немесе толық көлемде қолданылмауы мүмкін.

Қосымша: күрестің кез келген түрі бойынша толық құрамда қатыса алмайтын өңірлер жарыс басталғанға дейін кемінде 20 күн бұрын өңірлік федерациядан Республикалық федерацияға ресми хабарлама жолдауға міндетті.

2.4 Бір спортшы тек бір аймақ атынан және бір салмақ дәрежесінде (ресми салмақ өлшеу кезіндегі салмағына сәйкес) қатысуға құқылы.

2.5 Кубокке UWW бекіткен келесі салмақ дәрежелері бойынша спортшылар қатыса алады:

2.6 Салмақ дәрежелері және қатысу шарттары

Жарыс келесі салмақ дәрежелері бойынша өткізіледі:

- Грек-рим күресі: 55, 60, 63, 67, 72, 77, 82, 87, 97, 130 кг;

Грек-рим күресінде спортшылар жарысқа таза салмақпен (қосымша рұқсатсыз) жіберіледі;

- Еркін күрес: 57, 61, 65, 70, 74, 79, 86, 92, 97, 125 кг;

Еркін күресте белгіленген салмақтан 1 кг дейін артық салмаққа рұқсат етіледі;

- Әйелдер күресі: 50, 53, 55, 57, 59, 62, 65, 68, 72, 76 кг.

Әйелдер күресінде белгіленген салмақтан 2 кг дейін артық салмаққа рұқсат

етіледі.

2.7 Жеребе рәсімін өткізу тәртібі

2.7.1 Жеребе рәсімі әр салмақ дәрежесі бойынша бас жаттықтырушылардың қатысуымен өткізіледі. Бас жаттықтырушылардың шешімімен 1 және 2 нөмірлі спортшылар анықталып, турнирлік кестеде екі бөлек топқа орналастырылады. Қалған спортшылар «Blockchain» тәсілімен бөлінеді.

2.7.2 Қажет болған жағдайда, кейбір салмақ дәрежелерінде 3 және 4 нөмірлі спортшыларды бөлу туралы ұсыныстар қарастырылады. Бұл ретте бас жаттықтырушы спортшылардың нақты деңгейіне сәйкес 3 және 4 нөмірлерді анықтайды. Деңгейлері тең деп танылған жағдайда, нөмірлер лотерея (соқыр жеребе) арқылы анықталады.

2.8 Үш күрес түрі (грек-рим, еркін және әйелдер күресі) бойынша жарыс қорытындысы бойынша барлық чемпиондар мен жүлдегерлер Азия ойындары мен Әлем чемпионатына қатысуға үміткер ретінде қарастырылады.

2.9 Ұлттық құрам бойынша түпкілікті шешім бас жаттықтырушының ұсынысы негізінде қабылданып, Федерация басшылығы тарапынан спортшылардың ресми жарыстардағы жиынтық нәтижелері ескеріле отырып бекітіледі.

2.10 Он сегіз (18) жасқа толмаған спортшылардың жарысқа қатысуы үшін ата-анасының (заңды өкілінің) нотариалды куәландырылған сенімхаты міндетті болып табылады. Сенімхат нотариус арқылы рәсімделген түпнұсқа түрде ұсынылуы тиіс (көшірме немесе сканерленген нұсқалар қабылданбайды), сондай-ақ құжаттағы QR-кодтың анық көрінуі талап етіледі.

Қосымша, салмақ өлшеу рәсімі кезінде спортшы ата-анасының (заңды өкілінің) жеке куәлігінің көшірмесін ұсынуға міндетті. Аталған көшірме бір парақта рәсімделуі тиіс: парақтың жоғарғы бөлігінде жеке куәліктің көшірмесі орналастырылып, төменгі бөлігінде ата-анасының бірінің қолымен жазылған спортшының жарысқа қатысуына рұқсат берілетіні туралы мәтін және қолы болуы қажет.

2.11 Төрешілік:

2.12.1 Кубокта төрешілік етуге ағымдағы жылы өткізілген барлық Қазақстан Республикасының чемпионаттарының қорытындысы бойынша іріктеліп, төрешілер комиссиясы қалыптастырған және Федерациямен түпкілікті келісілген тізімге енгізілген төрешілер ғана жіберіледі.

2.12.2 Төрешілерді бекіту ұйымдастырушылар тарапынан ресми шақыру негізінде жүзеге асырылады.

2.12.3 Грек-рим, еркін және әйелдер күресі бойынша жарыстарға халықаралық санаттағы төрешілер, сондай-ақ жарыс өткізу кезеңінде қолданыстағы аттестациялық куәлігі бар тұлғалар жіберіледі.

2.12.4 2026 жылғы 11 мамырда өткізілетін міндетті төрешілер семинарына қатыспаған тұлғалар жарысқа төрешілік етуге жіберілмейді.

2.12.5 Аталған тұлғаларға осы жарыс аясында төрешілік қызметті жүзеге асыру құқығы берілмейді.

2.12.6 Төрешілерді жіберетін ұйымдар (өңірлік федерациялар, мекемелер және өзге де ұйымдар) келесілерді қамтамасыз етуге және бақылауға міндетті:

- төрешілердің жарыс өтетін қалаға 2026 жылғы 10 мамырдан кешіктірмей уақтылы келуін;
- төрешілердің міндетті семинарға қатысуын;

- төрешілердің жарыс кезеңі бойы, ресми аяқталғанға дейін өз міндеттерін толық әрі сапалы орындауын.

2.13 Егер белгілі бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың құрамында болатын спортшы Қазақстан аумағында бір ұйымнан екінші ұйымға (яғни бір өңірден екінші өңірге) ауысқан болса, онда бұл ауысу Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі №288 бұйрығымен бекітілген тәртіпке және «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ-нің «Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына ауысуы туралы» қағидасына сәйкес жүргізілмесе, мұндай спортшыға Кубокқа қатысуға рұқсат берілмейді.

3-БӨЛІМ. Медициналық-санитарлық және допингке қарсы қамтамасыз ету

3.1 Кубок өткізу кезінде медициналық қызмет келесідей ұйымдастырылады:

- медициналық қызметкерлермен, дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету, сондай-ақ жарыстарды өткізу кезеңінде жедел медициналық жәрдем бригадасының кезекшілігін ұйымдастыру Алматы қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасына жүктеледі;

- Кубок өтетін жерде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалау, «Almaty Arena» спорт кешенінің әкімшілігіне жүктеледі.

3.2 Кубок қатысушыларын медициналық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №361 бұйрығымен бекітілген спорттық іс-шараларды өткізу кезінде, спортшылардың денеге аса күш түсіруінен, ауруларынан және жарақаттануларынан кейін қалпына келтіру іс-шаралары кезеңінде спортшылар мен жаттықтырушыларды медициналық қамтамасыз ету және оларға медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3.3 Барлық спортшылар Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (WADA) Дүниежүзілік допингке қарсы кодексінің ережелерін және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №18 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының допингке қарсы қағидаларын сақтауы тиіс.

3.4 Егер спортшылар тарапынан WADA Дүниежүзілік допингке қарсы кодексі мен Қазақстан Республикасының допингке қарсы қағидаларында көзделген бұзушылықтар анықталса, сондай-ақ спортшы допинг-сынамадан өтуден бас тартқан немесе сынаманы тапсырмаған жағдайда, оларға қатысты тиісті санкциялар қолданылуы мүмкін.

4-БӨЛІМ. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі, қаржыландыру шарттары

4.1 Кубокқа қатысуға алдын ала өтінімдер басталуға 15 (он бес) күнтізбелік күн қалғанға дейін office@wrestling.kz электрондық мекен-жай бойынша қабылданады.

*Қосымша сұрақтар бойынша келесі байланыс телефондары арқылы хабарласуға болады: Қазтаев Қайрат Серікұлы +7 707 645 97 66.

4.2 Кубок басталар алдында, мандаттық комиссия отырысына дейін

қатысушылар міндетті түрде келесі құжаттарды ұсынулары қажет:

- осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған жалпы командалық өтінім (өтінім қолмен жазылмауы тиіс, толық құрамда ұсынылуы қажет және көрсетілген салмақ дәрежелерін өзгертуге жол берілмейді);

- спортшының жеке басын куәландыратын құжат немесе оның цифрлық нысаны (жеке куәлік, төлқұжат, паспорт), оның ішінде eGov порталынан алынған құжаттардың басып шығарылған нұсқасы;

- жарыстарға қатысуға медициналық рұқсаттама және қолданылу мерзімі аяқталмаған жазатайым жағдайдан сақтандыру полисі;

- өңірлік іріктеу хаттамасы.

4.3 Жоғарыда көрсетілген құжаттарды уақтылы ұсынбаған спортшылар Кубокке қатысуға жіберілмейді.

4.4 Кубок ұйымдастыру мен өткізуге жалпы басшылықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті, «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК, «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК, Алматы қаласы дене шынықтыру және спорт басқармасы, «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ мен «Алматы қаласының Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» ҚБ жүзеге асырады.

4.5 Кубок өткізуге арналған шығыстар келесі ұйымдар есебінен өтеледі:

- **Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК** мемлекеттік жаттықтырушылардың, бас жаттықтырушының, аға жаттықтырушылардың, команда бастықтарының іс-сапар шығындарын (жол жүру, тәулік ақысы, қонақ үйде тұру) қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

- **Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК** жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау үшін медальдармен, дипломдармен және кубоктармен қамтамасыз етуге, Кубок барысында төрешілік қызметті атқаратын төрешілердің еңбек ақыларын төлеуге қатысты шығындарды өтейді;

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене шынықтыру және спорт бойынша республикалық оқу-әдістемелік және талдау орталығы» РМҚК Кубок барысында төрешілік қызметті атқарған ұлттық санаттағы төрешілердің нақты (факті бойынша) қызмет күндері бойынша еңбек ақыларын төлейді (күрес түрлеріне бөлмей).*

- **Алматы қаласы Спорт басқармасы** Кубок өткізу кезеңінде спортшыларға медициналық көмек көрсету үшін қажетті медициналық қызметкерлермен, дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді, сондай-ақ жедел медициналық жәрдем бригадасының және кезекші медициналық бригаданың жұмысын ұйымдастыруға байланысты шығыстарды қаржыландырады. Сонымен қатар, Басқарма жарыстарды өткізу кезеңінде спорт кешенін (спорт залын) жалға алу, клинингтік қызмет көрсету, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және іс-шараны сүйемелдеу, сондай-ақ өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жедел медициналық

жәрдем бригадасының кезекшілігіне байланысты шығыстарды өз мойнына алады.

- «Алматы қаласының грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» жарыстың ашылу салтанатын ұйымдастыруды жүзеге асырады, сондай-ақ жарыс өтетін спорт залын ресімдеуді қамтамасыз етеді, оның ішінде баннерлерді, помостты, сахнаны, таблоны, күрес және қыздыру кілемдерін, LED-экранды немесе куб-экранды, жарық жабдықтарын, шатыр-павильондарды орнатуды, сондай-ақ техникалық және өзге де қажетті жабдықтарды ұсыну мен монтаждауды, кеңсе және техникалық қамтамасыз етуді, аккредитацияны, жарыс өтетін жерде қосымша күзет агенттігінің қызметін қамтамасыз етуді, допинг-бақылау қызметіне, ұйымдастырушыларға және еріктілерге ауызсумен қамтамасыз етуді, жарыс өтетін жерде интернет байланысын қамтамасыз етуді, Кубоктың тікелей трансляциясын ұйымдастыруды, Кубоктың ақпараттық және жарнамалық сүйемелдеуін, жарыстың ашылу рәсімін ұйымдастыруды, марапаттау рәсімі кезінде имидж-топтың қатысуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ еріктілердің жұмысын қамтамасыз етуді және оларды қажетті нысанмен (футболкалармен) қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

- «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ жарыс бағдарламаларын, шақыру билеттерін, алғыс хаттарды және өзге де қажетті полиграфиялық өнімдерді дайындауды және ұсынуды жүзеге асырады. Сонымен қатар, Федерация жарыстың ашылу салтанатына шақырылатын тұлғалардың тізімін қалыптастырады, бас төрешінің, бас хатшының және техникалық маманның, сондай-ақ контент-команданың қатысуын қамтамасыз етеді.

- **Жіберуші ұйымдар (Кубокке қатысатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары, спорт ұйымдары)** Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес спортшыларды, жаттықтырушыларды, төрешілерді және ресми өкілдерді іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды (жол ақысы, тәуліктік шығындар, тамақтану, тұру) өтейді.

5-БӨЛІМ. Спорттық жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау тәртібі

5.1. Кубок жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.

5.2. Марапаттау рәсіміне өз салмақ дәрежесінде жеңімпаз және жүлдегер атанған төрт спортшы қатысады. Олар тиісті дәрежедегі медальдармен және дипломдармен марапатталады.

5.3. Командалық есеп бойынша 1, 2 және 3 орын алған командалар сәйкесінше кубоктармен марапатталады.

5.4. Марапаттау рәсіміне негізсіз себепсіз қатыспаған тұлғалар өз марапаттарынан айрылады және олардың спорттық нәтижелері жойылады. Сонымен қатар, 6 (алты) ай мерзімге жарыстарға қатысудан шеттетіледі.

6-БӨЛІМ. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау

6.1. Кубок барысында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер тек ресми жазбаша наразылық (апелляция) арқылы жарыстың төрешілер алқасына жолданады.

жазбаша наразылық (апелляция) арқылы жарыстың төрешілер алқасына жолданады және Халықаралық грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының (UWW – Біріккен күрес ұйымы) қолданыстағы ережелеріне сәйкес қаралады. Ауызша шағымдар қаралмайды.

6.2. Наразылық (апелляция) күрес аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен жазбаша түрде дереу ұсынылуы тиіс. Белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін немесе кешіктіріліп берілген наразылықтар қарауға қабылданбайды.

6.3. Наразылық сол жарыс күнінің соңына дейін Федерация белгілеген комиссияның қарауына ұсынылады. Қарау нәтижесі бойынша қабылданған шешім міндетті болып табылады және барлық тараптар оны орындауға тиіс.

6.4. Наразылықта көрсетілген фактілер расталған жағдайда, тәртіптік шаралар спортшыларға, жаттықтырушыларға және төрешілерге тең дәрежеде қолданылады.

6.5. Наразылық білдіру мақсатында немесе өзге де себептермен төрешілер аймағына рұқсатсыз кіруге жол берілмейді. Аталған талапты бұзған тұлғаларға қатысты алты (6) айдан екі (2) жылға дейін жарыстардан шеттету түріндегі тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

6.6. Жарыс барысында Федерация өкілдерінің, ұйымдастырушылардың және төрешілер алқасының заңды талаптарын орындамау, олардың қызметіне кедергі келтіру, бағынбау, қарсы әрекет көрсету немесе ішкі тәртіпті бұзу фактілері анықталған жағдайда, кінәлі тұлғаларға қатысты қатаң тәртіптік жауапкершілік шаралары, оның ішінде жарыстан шеттету, лицензиядан айыру немесе белгілі бір мерзімге жарыстарға қатысу құқығынан айыру шаралары қолданылады.

Бұл Ереже Кубокке ресми шақыру болып табылады. Оған тек «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РҚБ тарапынан өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер енгізілген жағдайда, жаңартылған нұсқасы Кубоктің басталуына кемінде 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда Қазақстан Республикасының өңірлеріне таратылуы тиіс.

**Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен ересектер арасындағы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КУБОГІ**

Алматы қаласы

11-17 мамыр 2026 жыл

БАҒДАРЛАМАСЫ		
КЕЛУ КҮНІ 11.05.2026 ж. Дүйсенбі	15:00 дейін	Грек-рим күресі соңғы өтінімдер қабылдау
	10:00 – 13:00	Төрешілерге арналған семинар
	15:00 – 17:00	
	17:00 – 18:00	Жаттықтырушыларға арналған жиналыс
	18:00 – 19:00	Жеребе рәсімі: Грек-рим күресі 55, 67, 72, 87, 130 кг
1 күн 12.05.2026 ж. Сейсенбі	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Грек-рим күресі 55, 67, 72, 87, 130 кг
	10:30 – 16:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Грек-рим күресі 55, 67, 72, 87, 130 кг
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Грек-рим күресі 55, 67, 72, 87, 130 кг
	19:00 – 21:30	Финалдар және марапаттау рәсімі: Грек-рим күресі 55, 67, 72, 87, 130 кг
	21:30 – 22:30	Жеребе рәсімі грек-рим күресі 60, 63, 77, 82, 97 кг
	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Грек-рим күресі 60, 63, 77, 82, 97 кг
2 күн 13.05.2026 ж. Сәрсенбі	10:30 – 16:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Грек-рим күресі 60, 63, 77, 82, 97 кг
	15:00 дейін	Әйелдер күресі соңғы өтінімдер қабылдау
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Грек-рим күресі 60, 63, 77, 82, 97 кг
	18:00 – 20:30	Финалдар және марапаттау рәсімі: Грек-рим күресі 60, 63, 77, 82, 97 кг
	20:30 – 21:30	Жеребе рәсімі әйелдер күресі 50, 55, 57, 65, 76 кг
	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Әйелдер күресі 50, 55, 57, 65, 76 кг
3 күн 14.05.2026 ж. Бейсенбі	10:30 – 16:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Әйелдер күресі 50, 55, 57, 65, 76 кг
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Әйелдер күресі 50, 55, 57, 65, 76 кг
	18:00 – 20:30	Финалдар және марапаттау рәсімі: Әйелдер күресі 50, 55, 57, 65, 76 кг
	20:30 – 21:30	Жеребе рәсімі әйелдер күресі 53, 59, 62, 68, 72 кг
	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Әйелдер күресі 53, 59, 62, 68, 72 кг
	15:00 дейін	Еркін күрес соңғы өтінімдер қабылдау
4 күн 15.05.2026 ж. Жұма	10:30 – 16:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Әйелдер күресі 53, 59, 62, 68, 72 кг
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Әйелдер күресі 53, 59, 62, 68, 72 кг
	18:00 – 20:30	Финалдар және марапаттау рәсімі: Әйелдер күресі 53, 59, 62, 68, 72 кг
	20:30 – 21:30	Жеребе рәсімі: Еркін күресі 57, 61, 74, 79, 97 кг
	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Еркін күрес 57, 61, 74, 79, 97 кг

5 күн 16.05.2026 ж. Сенбі	10:30 – 16:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Еркін күрес 57, 61, 74, 79, 97 кг
	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Еркін күрес 57, 61, 74, 79, 97 кг
	18:30 – 19:00	ЖАРЫСТЫҢ САЛТАНАТТЫ ШЕРУІ
	19:00 – 20:30	Финалдар және марапаттау рәсімі: Еркін күрес 57, 61, 74, 79, 97 кг
	20:30 – 21:30	Жеребе рәсімі: Еркін күресі 65, 70, 86, 92, 125 кг
	08:00 – 08:30	Медициналық тексеру және салмақ өлшеу: Еркін күрес 65, 70, 86, 92, 125 кг
	10:30 – 16:00	Квалификациялық, 1/8, 1/4 кездесулер: Еркін күрес 65, 70, 86, 92, 125 кг
6 күн 17.05.2026 ж. Жексенбі	16:00 – 17:30	Жартылай финалдар және жұбаныш белдесулері: Еркін күрес 65, 70, 86, 92, 125 кг
	18:00 – 20:30	Финалдар және марапаттау рәсімі: Еркін күрес 65, 70, 86, 92, 125 кг
ҚАЙТУ КҮНІ 18.03.2026 ж. Дүйсенбі		

Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен ересектер арасындағы
Қазақстан Республикасының кубогі

_____ құрама командасынан

ӨТІНІМ

Алматы қаласы

11-17.03.2026 жыл

№	Спортшының аты-жөні	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Спорттық атағы, разряд	Салмақ дәрежесі	Жаттықтырушыларының аты-жөні		Дәрігер рұқсаты, мөрі
					Бірінші жаттықтырушысы	Жеке жаттықтырушысы	
1							
2							

Дәрігер _____

Жаттықтырушы _____

Команда өкілі _____

Төреші _____ Дәрежесі _____

Басшысы _____ (қолы) _____ (аты-жөні)